

**Тимирязев жалпы білім беретін қазақ мектеп-интернатының
ата-аналар жиналысының
Хаттамасы № 2**

Қатысқандар: 65

1. 0-11-сынып оқушыларының ата-аналары

2. Сынып жетекшілер

Айы-күні: 13.09.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылының басталуы.

а) мектеп ережесімен таныстыру;

ә) мектеп формасына қойылатын талаптар.

2. Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру.

а) Тәрбие бастауы – Отбасы. Тренинг

3. «Дені сау ұрпақ – ел болашағы»

Мектеп оқушыларының тамақтануының ұйымдастырылуы

4. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі басты назарда!

а) жолдарда қауіпсіздікті сақтайық (ата-аналарға ескерту)

ә) өрт қауіпсіздігі

5. Мектеп психологы «Оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және оны шешу жолдары».

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Даирова Р.Б сөз алды: Өткен 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасап өтті. Тәртіп бұзудың алдын алу жұмыстары ата-аналар қауымдастығымен жұмысты дұрыс жолға қойғанда ғана нәтижесін беретіні анық. Осыған орай өткен оқу жылында мектебіміздің тәрбие орталығы ата-аналармен жоспарға сай жүйелі жұмыс жүргізді. 2024-2025 оқу жылына арналған мақсат міндеттерге тоқталып өтті. 1. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірме жұмыстарын жандандыру. 2. Тәрбие сааттарының мазмұнын формасын өзгерту. 3. Тәртіп бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі құқықтық білім беру жұмысы жандандырылсын. 4. Сынып жетекшілер тарапынан тәртібі қиын балалармен мектеп психологтармен бірге отырып, жұмыс жүргізсін. 5. Ата-аналармен бала тәрбиесіндегі проблемалар іс-шараларға байланысты жұмыс түрін бірлесе отырып жүргізу керек екендігін айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Г.Т.Султанова сөз алды. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Султанова Г.Т. жалпы мектептің ережесімен таныстырды. Мектеп формасына қойылатын талаптарға тоқталып өтті. Мектепте классикалық үлгідегі киімдер киілуі керектігін атап өтті. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті – отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран

ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке – шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Баланың жақсы адам болуы тек қана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады,- деп сөзін аяқтады. Жаңа оқу жылының басынан бастап ата-аналарға балалары тарапынан құқық бұзушылық іс әрекеттерге жол бермеуін, мектепке кешікпей келуін, құрал – жабдықпен қамтамасыз етуін, сабақтан себепсіз қалмауын, ауырған жағдайда анықтама болуын ескертті.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Біртұтас тәрбие бағдарламасының жобаларымен таныстырып, қандай жұмыс атқарылатынын айтып өтті.

Мектепшілік ата-аналар комитетінің төрайымы Уразбаева Ж.А., қамқоршылық кеңесінің төрағасы Байғужинов С.К балалардың ұялы телефоны сабаққа кедергі жасайтынын айтып, арнайы жәшікке тапсыруы жөнінде ұсыныс тасталып, ата-аналар бірауыздан келісім берді. Бала шұғыл қажет болған жағдайда мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерге хабарласуға болатынын ата – аналарға жеткізді.

Мектеп психологы «Тәрбие бастауы-Отбасы» атты тренинг өткізді. Ата-аналар өз ойларымен бөлісті.

Үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» атты баяндама оқыды. Сақтық шараларына тоқталып өтті.

Мектеп оқушыларының тамақтануының ұйымдастырылуы жөнінде тәрбие орынбасары айтты. Ата-аналар өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Жауаптарын алды.

Төртінші мәселе бойынша жасөспірімдер ісі жөніндегі аудандық ішкі істер бөлімінің инспекторы Кариева С түсіндірме жұмысын жүргізді.

Бесінші мәселе бойынша мектеп психологы А.М.Жармагамбетова тұлға аралық қарым-қатынасты жандандыру, баланың өз күші мен мүмкіндігіне сендіру, тәртібін қадағалау, достарымен қарым-қатынасын қадағалау, барлық жағдайларға түсіністікпен қарап, жанашырлық таныту тақырыбында жайында айтты. Оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және оны шешу жолдары таныстырылды.

Шешім:

1. Жаңа 2024-2025 оқу жылына қойылған мақсат міндеттерді назарға алынсын.
2. Ата-ана отбасылық тәрбиеге көңіл аударсын.

3. Оқушылар сабақтан себепсіз қалмауын, кешікпеуін, қымбат бұйымдар әкелмеуін ата-ана қатаң қадағаласын. Ұялы телефондар сабақ уақытында арнайы жәшікке тапсырылсын.

4. Оқушылардың қауіпсіздігі басты назарға алынсын!

5. Экстремистік, зорлық – зомбылықты, суйцидті насихаттайтын сайттарға байланысты, ата – ана тарапынан бақылау күшейтіліп, балалармен әңгіме жүргізілсін.

Мектеп оқушыларының оқырмандық мәдениетін қалыптастыруда, ата – анамен бірлескен жұмыс жандандырылып, айлық шеңберінде өтетін акцияға қатысу ата – аналар комитетіне тапсырылсын.

Жыл бойына денсаулығына байланысты сабақты жиі босататын оқушылардың денсаулығын нығайту, жазғы демалысты ұйымдастыру ата-аналарға тапсырылсын.

Хатшы:  Желдыбаева Г.Б.